

Ленин

КК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Кеңесінің және КК(б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Шығуына
26-ші жыл
№ 71
(6772)
1944 жыл
Жексенбі
9 Апрель
Бағасы
20 тыйын

КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесінде

ҚАЗАҚ КСР КОЛХОЗДАРЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЕГІСТЕРІНІҢ ӨНІМІН АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесі Қазақ КСР колхоздарында ауыл шаруашылық егістерінің өнімін арттыру шаралары туралы қаулы алды.

Бұл қаулысында КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесі Қазақ КСР колхоздарында дәнді егістердің көлемі 1940 жылдан 1942 жылға дейін 900 мың гектардан аса, техникалық егістердің көлемі 100 мың гектардан аса артқанын атап көрсетті. Бұл уақыт ішінде дәнді егістердің орта өнімі гектарына 6,4 центнерден 8,1 центнерге дейін артты. Бірақ Қазақ КСР ауыл шаруашылығындағы бұл табыстар баянды етілмеді. 1943 жылғы дәнді егістердің, қант қызылшасының, күнбағыс тағы басқа майлы өсімдіктердің өнімі азайды, ал бұл егістерден жыйналған жалпы өнім кеміп кетті.

Жергілікті кеңес орындары, колхоздар мен МТС-тар агротехниканың нашарлануына жол бермеген болса, онда 1943 жылғы егісін өнімі кеміне қуаңшылықтың әсері бұдан едәуір кем болған болар еді. Күздік, жаздық егістерді егу мерзімі көпке созылды, жер нашар бапталды, егіске керекті пар мен зыб аз жыртылды, ал жыртылған пар нашар бапталды, оны арам шөп басып кетті.

Республика колхоздарының көпшілігінің жұмысындағы кемшіліктің бірі тұқым шаруашылығының ұқыпсыз ұстауы болды: тұқымдық учаскеге бөлінген жерлер нашар бапталды, тұқымдық учаскедегі егісті күту, егінді жыйнап алу дер кезінде жүргізілмеді, олардың өнімі төмен болды, ал тұқымдық учаскелерден жыйналған тұқым көбінесе өз орнына жұмсалмады.

I. Колхоздарда 1944 жылғы көктемгі егіске әзірлену, оны өткізу жөнінде

1. 1944 жылғы көктемгі егіс жұмыстары кезінде қойылатын аса маңызды талап—жерді мейлінше сапалы баптау, егісті неғұрлым қысқа мерзімде өткізу екенін, бұл талапты орындау машина-трактор станцияларының тракторларының жұмысына едәуір байланысты екені ескеріліп, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлары Кеңесі мен облыстық атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналары белгіленген мерзімде сапалы жөнделсін, тракторшылар, трактор бригадаларының бригадирлері, олардың көмекшілері, сол сияқты МТС механиктері даярлансын, сөйтіп көктемгі егіске дейін МТС-тар бұл кадрлармен толық қамтамасыз етілсін.

Жері суармалы аудандарда суға ұқыпсыз қарау салдарынан, көптеген арық-каналдардың ұқыпты пайдаланылмағандығынан соңғы жылдарда 100 мың гектардан аса суармалы жер егіске пайдаланылмай келеді, ал 1943 жылы сор басып, батпаққа айналып кеткендіктен тағы да 15 мың гектардай суармалы жерге егіс егілмеген. Тазарту жұмысы нашар болғандықтан, бұл жұмыстың механизациялануы төмен болғандықтан арық-каналдардың едәуір бөлігі толық пайдаланылмай келеді; егінді суару әдісін қолдану орнына суды жайып суару, икеп пай ағызып қоя беру сияқты атамза маневр әдістер кеңінен қолданылып келеді. Бөлу тәртібі нашарлығынан, суарудың ескі әдісі қолданылғандықтан егінге керекті су унемдеп пайдаланылмай келеді. Суарылатын жерге агротехниканы қолдану соңғы жылдары өте нашарлап кеткен. Міне осының әсері суармалы жерлерде ауыл шаруашылық егістерінің өнімі төмен болуына әкеліп соғып отыр.

Алматы облысының колхоздарында ерекше маңызды орын алатын бау-бақша шаруашылығы өркендету ісіне кеңес және жер мекемелерінің көңіл бөлуі нашарлығының салдарынан бірсыпыра колхоздарда жеміс беретін құнды жеміс ағаштары күтсез қалған, олардың өнімі мүлде азайған, кейбір жерлерде бау-бақшалар апатқа ұшыраған.

Қазақ КСР колхоздарында ауыл шаруашылық егістерінің өнімін арттыру, сөйтіп 1944 жылғы дәнді егістердің гектарынан кемінде 8,5 центнерден, мақтадан 9,5 центнерден, қант қызылшасының гектарынан 220 центнерден өнім алу мақсатында КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесі қаулы етеді:

б) 1944 жылғы көктемгі егіс жұмыстарынан бастап тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын пайдалану, оларды күту мықтап оңдалсын, сөйтіп жұмсақ жерге шаққанда әрбір трактормен орта есеппен кемінде 244 гектар жер өңделсін, оның ішінде көктемгі жұмыстарда кемінде 105 гектар жер өңделсін;

в) республиканың заводтары тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарына запас бөлшектер өндіру жөніндегі тапсырманы толық және мерзімде орындайтын егу шаралары қолданылсын, запас бөлшектердің ең алдымен астық өндіруде үлкен орын алатын, артта қалып келе жатқан облыстар мен МТС-тарға берілуі бақылансын.

2. Қазақ Кеңестік Социалистік

Қазақ КСР колхоздарында ауыл шаруашылық егістерінің өнімін арттыру шаралары туралы қаулысы—облысымыздың колхозшыларының, бүкіл ауыл шаруашылық қызметкерлерінің айбынды іс программасы болып саналады.

Колхоздардың, МТС-тар мен совхоздардың барлық күші ауыл шаруашылық егістерінің өнімін неғұрлым арттырып, егіннен мол және тұрақты өнім алу ісіне жұмсалсын!

Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесі мен облыстық атқару комитеттеріне көктемгі жол бұзылғанға дейін алыстағы МТС-тарға жанар және жағармайды көктемгі егіс жұмыстарына толық жетерлік мөлшерде тасып алу міндеттелсін.

3. Көктемгі егіске сапалы тұқым дайындау ісін аса маңызды екені ескеріліп, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесіне, облыстық, аудандық атқару комитеттеріне дәнді, техникалық егістердің жазғы егілетін шөп егісі мен картофтың тұқымын толық құю міндеттелсін. Тұқымдар тазартылып, бақылау-тұқым лабораторияларында олардың өңгіштік сапасы тексерілсін.

II. Солтүстік-шығыс облыстардың колхоздарында егін өнімін арттыру шаралары туралы

(Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Семей, Қарағанды облыстарында)

1. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесіне, облыстық, аудандық, атқару комитеттеріне, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының солтүстік-шығыс облыстарының МТС-тарының директорлары мен колхоздарына 1944 жылғы көктемгі егісті өткізу кезінде, егістік жердің мейлінше сапалы өңделуін қамтамасыз ету, тракторлар мен жұмыс көлігін толық пайдаланып, жаздық бидай егісін 20 майдан кешіктірмей, қалған дәнді егістерді 5 июньмен кешіктірмей аяқтау, барлық көктемгі егіс жұмыстарын осы міндетті орындарлықтай етіп ұйымдастыру міндеттелсін.

2. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесіне, облыстық атқару комитеттеріне колхоздарда жаздық бидай егісінің көлемін төмендегідей мөлшерде (мың гектар есебімен) жеткізу міндеттелсін:

	1944 ж.	1945 ж.
Ақмола облысы	400,0	450,0
Шығыс Қазақстан облысы	110,0	160,0
Қостанай облысы	250,0	330,0
Павлодар облысы	120,0	180,0
Солтүстік Қазақстан облысы	330,0	450,0
Семей облысы	115,0	150,0
Қарағанды облысы	145,0	150,0

3. Колхоздарда жер пайдаланудағы тәртіпсіздікті жою, ауыл шаруашылық егістерін кезегімен егуде белгіленген тәртіпті қолданбаушылықты жою мақсатында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесіне, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Солтүстік-шығыс облыстарының облыстық, аудандық атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) колхоздарда қабылданған ауыс

4. Қазақстанда ауыл шаруашылық егістерін орналастыру ісінде болған кемшіліктер ескеріліп, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесіне, облыстық, аудандық атқару комитеттеріне ауыл шаруашылық егістерін облыстарға, аудандар мен колхоздарға дұрыстап бөлуге ерекше зер салу міндеттелсін.

5. 1944 жылғы көктемде колхоздардың жеріне тыңайтқыш тасу жоспары 2 миллион тонна болып белгітелсін. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесіне екі жеті мерзімде көп, тағы басқа тыңайтқыш тасу жоспарын аудандарға, колхоздарға жеткізу міндеттелсін.

палы егістің дұрыс қолданылуы тексерілсін, ауыспалы егіс тәртібі бұзылған жерлерде ауыспалы егістердің шекаралары, белгілері қайтадан қалпына келтірілсін, мұнда егістер дұрыс орналастырылып, 1944 жылдың өзінде-ақ үш жылдан аса уақыт дәнді егіс егілген жерлерге әнді егіс егілетін етілсін, жаздық бидай бұрын өзінше қолайлы егіс егілген жерге егілсін;

б) ауыспалы егістер белгіленген, бірақ жерін арам шөп, әсіресе тамырымен өсетін және тамырды терең жаятын арам шөп басып кеткен колхоздарда арам шөбі көп жерлер немесе ауыспалы егістің жеке учаскелері көп жыл тынығуға қалдырылсын, ал ауыспалы егіске көшу үшін және ауылшаруашылық егістерінің кезекпен дұрыс егілуін қамтамасыз ету үшін мұндай колхоздарда ауыспалы егіске кірмеген, арам шөп басқан тың жерлер, тыңайған жерлер есебінен ауыспалы егіске қосымша жер белгіленсін;

в) белгіленген ауыспалы егісі бар колхоздардың бөлімде ауыспалы егіске көшу (оны меңгеру) 1947 жылдан қалмай аяқталсын.

4. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесіне, облыстық, аудандық атқару комитеттеріне жері көп, тың, тыңайған жерлері мол, бірақ белгіленген ауыспалы егісі жоқ колхоздарда 1944 жылғы 15 апрельге дейін агрономдардың күшімен ауыл шаруашылық егістерін кезегімен егудің тәртібін белгілеу, мұнда арам шөп басқан, ескірген жерлерді көп жыл тыңайтуға қалдыру, олардың орнына егіске тың, тыңайған қунарлы жерлерді пайдалану көзделсін.

(Жалғасы 2-бетте).

КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесінде

КАЗАК КСР КОЛХОЗДАРЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЕГІСТЕРІНІҢ ӨНІМІН АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

5. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Солтүстік-шығыс облыстарының колхоздарында тың, тыңайған жерді қырту жоспарының, ол кем дегендегі мөлшері 1944 жылы 385,0 мың гектар, 1945 жылы — 430,0 мың гектар болып белгіленіп, бұл облыстарға быдай бөлінсін (мың гектар есебімен):

	1944 ж.	1945 ж.
Ақмола облысы	100,0	110,0
Шығыс Қазақстан облысы	25,0	25,0
Солтүстік Қазақстан облысы	90,0	100,0
Қостанай облысы	100,0	100,0
Павлодар облысы	40,0	50,0
Семей облысы	15,0	25,0
Қарағанды облысы	15,0	22,0

6. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Солтүстік-шығыс облыстарының облыстық атқару комитеттеріне осы жоспарға сәйкес және аудандардағы, МТС-тар мен колхоздардағы қолда бар тракторлар мен жұмыс көлтіні ескере оты-

рып өңделуге тиісті және 1944—1945 жылдары жаздық, күздік егістер егілуге тиісті тың, тыңайған жерлер көлемінің аудандарда қанша болатынын, ал аудандық кеңес атқомдарына колхоздарда қанша болатынын белгілеу міндеттелсін.

7. МТС директорларына колхоздар мен шарт жасасқанда колхоздарға белгіленген жоспарға сәйкес тың, тыңайған жерлерді МТС-тың тракторының күшімен өңдеу ісін трактор жұмыстарының жоспарына қосу, оның орындалуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

8. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының МТС-тары үшін тың, көптен тыңайған жерлерді қыртуға, сол сыяқты техникалық егістер жерін терең қыртуға жұмсалатын жанармайдың мөлшері мынадай арттырылсын (гектарына килограмм есебімен):

	Тракторлардың түрі			
	СТЗ-ХКЗ	Лигронмен 4ТЗ-С-60	Дизельді СТЗ-С-65 мен жүретін	Керосин-жүретін СТЗ-НАТИ
Тың жерді 20—22 сантиметр тереңдікте қырту	25	22	14	22
Ескі аңыз жерін 20 сантиметр тереңдікте қырту	20	20	12	21
Техникалық егіс жерін 20—25 сантиметр тереңдікте қырту	25	22	14	22

9. Барлық күздік егістерді ерте қырытылып, жақсы бапталған парға, ал жаздық егістерді зябь және пар қырытылған жерге егу Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының солтүстік-шығыс облыстары колхоздарының, алдына басты міндет

етіліп қойылсын. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының солтүстік-шығыс облыстарының колхоздарында пар және зябь қырту жоспары мынадай болып белгіленсін (мың гектар есебімен):

	1944 ж.		1945 ж.	
	Пар	Зябь	Пар	Зябь
Ақмола облысы	70	390	140	420
Шығыс Қазақстан облысы	120	140	140	180
Қостанай облысы	140	250	180	300
Павлодар облысы	40	200	60	220
Солтүстік Қазақстан облысы	140	310	180	350
Семей облысы	50	120	78	160
Қарағанды облысы	40	150	60	180

10. МТС директорлары мен колхоз председателдеріне қырытылған парды бүкіл жаз бойына арам шөптен таза сақтау міндеттелсін. Оларға осы мақсатта жерді арам шөп басуының жағдайына қарай парды қайта қырту (еселеп), қыртумен қабат тырмалау, сыдыра қырту немесе бірнеше рет культивациялау ұсынылсын.

11. Дәнді егістер тұқымының сор

III. Гурьев, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының қуаңшылық аудандарында егін өнімін арттыру шаралары жөнінде

1. Қуаңшылық аудандарда егіннен мол және тұрақты өнім алу мақсатында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесіне, Гурьев, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының облыстық атқару комитеттеріне мынадай бірінші кезекте тұрған шараларды іске асыру міндеттелсін:

а) 1944 жылы көктемгі егіс жұмыстары мейлінше қысқа мерзімде өткізілсін, жерді қырту, тырмалау, тұқым себу арасында, ал зябь пен пар қырытылған жерді тырмалау, культивациялау, тұқым себу жұмыстары арасында алшақтық болуына жол берілмесін.

б) колхоз басқармаларына күздік

егістерді көктемде тырмалау және оның арам шөбін ертерек отау, күздік егістерді күту жөніндегі шараларды колхоздардың көктемгі егістері жұмыс жоспарына енгізу тапсырылсын;

в) жерде ылғалды молайту үшін қар бөгеттер, жай бөгеттер салу жолымен көктемгі қар суын тоқтау кеңінен жүргізілсін. Аудандық атқару комитеттерінің 1944 жылы көктемгі қар суын тоқтау жұмыстарына колхоздар мен совхоздардың жұмысқа жарайтын адамдарын пайдалану міндеттелсін;

г) колхоздарға егіс үшін ең алдымен ойпат жерлерді пайдалану ұсынылсын. Облыстық, аудандық атқару комитеттеріне аудан бойынша ойпат жерлерді дәнді және техника-

лық егістерге пайдалану жоспарын жасау міндеттелсін.

2. Картоф пен овощ егісінен мол өнім алу мақсатында осы кезге дейін суармалы жері болмай келген колхоздардың бәрінің алдына таяудағы 2—3 жыл ішінде әрбір колхоз да көлемі 10—15 гектарлық суармалы сақтық жерін жасап алу міндеті қойылсын.

Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесіне облыстар бойынша, ал облыстық атқару комитеттеріне аудандар бойынша колхоздарда суармалы егіс жерін жасау жоспарын бекіту міндеттелсін.

3. Республиканың қуаңшылық аудандарында жергілікті орындарда жер суару ісін басқару үшін 1944 жылы Қазақ КСР-ның Су шаруашылық Халық Комиссариатында жергілікті орындарда жер суару басқармасы құрылсын.

КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы мемлекеттік штат комиссиясы бір ай мерзімде бұл басқарманың штатын қарап, бекітсін.

1944 жылдан бастап жер суаруға пайдаланылатын насостар мен двигателдерді жөндеу жұмысы МТС-тардың мастерскойларында тракторларды жөндеумен бірдей дәрежеде жүргізілетін болсын, сол сыяқты республикада двигателдерге запас бөлшектер шығаратын, ескілерін жанғырта тың база жасалсын.

4. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының қуаңшылық аудандарында жаздық бидайлардың жалпы өнімін кеңейту мақсатында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесі мен облыстық атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) 1944 жылы облыстарға жаздық бидай егінінің көлемі төмендегі мөлшерде жеткізілсін (мың гектар есебімен):

Ақтөбе облысында—115,0
Батыс Қазақстан облысында 130,0

б) жаздық бидай бұрын өзіне қолайлы егіс егілген жерге егілсін. Мұндай қолайлы егістер жаңадан меңгерілген, әлі тозбаған жерлерге орналастырылсын. Жаздық бидайды екі жылдан аса уақыт бір жерге егуге тыйым салынсын.

IV. Суармалы жерлерде егіннің өнімін арттыру және егін суару жүйесін пайдалануды тәртіпке салу жөнінде

1. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен КСРО Жер Халық Комиссариатына 1944 жылы 1,232 мың гектар жердің ауыл шаруашылық егістері мен өсімдіктерін суаруды және ең алдымен суармалы жерді баптауды қамтамасыз ету міндеттелсін. Суармалы жерлерді толық меңгеру үшін 1944 жылы колхоздардың, ризашылығы және облыстық атқомдардың қарары бойынша, колхоздар меңгермей келген және еңбек күші жағынан қамтамасыз етілмеген суармалы жерлер ауыл шаруашылық егістерін егу үшін уақытша басқа колхоздар мен ұйымдарға берілсін, бұл жерлерден түскен ауыл шаруашылық өнімін тапсыру жөніндегі мемлекеттік міндеттемелердің бәрі сол жерлерді уақытша пайдалануына алған

5. Қуаңшылық аудандардың колхоздарына қуаңшылыққа төзгіш арпа егісінің көлемін барынша ұлғайту ұсынылсын.

6. Тарының өнімін арттыру мақсатында колхоз председателдеріне мыналар міндеттелсін:

а) тары егісін тыңайған және арам шөптен неғұрлым таза жерлер бөлісін, ерте егілетін дәнді егістерді егудің толық аяқталуын күтпей-ақ тары егу қолға алынсын;

б) тары егісін кемінде 15 процентіне тары тұқымы кең қатарлы себу әдісімен себілсін, бұл егістердің қатар аралығы 2—3 қайтара міндетті түрде бапталсын, ал адам, жұмыс көлігі жеткіліксіздігінен қатар аралығы бапталмайтын жерлерде, колхоздарға тарының арам шөптен таза жерлерге ғана себу, жаппай қатарлап себу ұсынылсын.

Егін жыйнауда дәнін, тырабын азайту мақсатында колхоздарға тарының әртүрлі мерзімде пісетін екі түрлі сортын себу ұсынылсын.

7. Қуаңшылық облыстардың колхоздарында тың, тыңайған жерлерді қыртудың жоспары мына мөлшерде белгіленсін (мың гектар есебімен):

	1944 ж.	1945 ж.
Ақтөбе облысы	35,0	40,0
Батыс Қазақстан облысы	25,0	40,0

Облыстық атқару комитеттеріне осы жоспарға сәйкес аудандар бойынша, ал аудандық атқару комитеттеріне колхоздар бойынша жаздық және күздік егістер егу үшін өңделетін, тыңайған жердің көлемін белгілеу міндеттелсін.

8. Қуаңшылық облыстардың колхоздарында пар және зябь қыртудың жоспары мына мөлшерде белгіленсін (мың гектар есебімен):

	1944 ж. 1945 ж.			
	Пар	Зябь	Пар	Зябь
Ақтөбе облысы	50	200	50	250
Гурьев облысы	—	5	—	5
Батыс Қазақстан облысы	59	200	60	230

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының қуаңшылық облыстарының колхоздары алдына 1945 жылдан бастап барлық күздік егістің және жаздық бидайдың кемінде 20 проценті ерте қырытылған, жақсы бапталған парға, қалған жаздық егістерді зябьке егу міндеті қойылсын.

колхоздар мен ұйымдардың есебінен орындалатын болсын.

2. Суармалы жерлердегі ауыл шаруашылық егістерінің өнімін арттыру үшін Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесі мен облыстық атқару комитеттеріне мынадай міндеттер жүктелсін:

а) соңғы екі жыл ішінде жер өңдеу және макта мен қызылша егістерін баптау жұмысында болып келген кемшіліктер жойылып, бұл егістерді баптаудың агротехникалық ережелерінің дұрыс қолданылуы қамтамасыз етілсін;

б) ауыспалы егіс тәртібі енгізілген колхоздардың бәрінде қабылданған ауыспалы егіс тәртібіне сәйкес әртүрлі егістерді бұлжылпай ауыстырып отыру қайтадан қолданыл-

(Жалғасы 3-бетте).

КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесінде

АЗАҚ КСР КОЛХОЗДАРЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҮСТЕРІНІҢ ӨНІМІН АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

ы. Басы 1-2 беттерде).

мен қызылша егістерінің құнарлы және бороздалап латын жақсы даярланған егілуі қамтамасыз етілсін. Інен босатылған жерлер егуге пайдаланылсын, ауыспалы егісін бір бөді егістер егілетін бол-
ен қызылша егістерінің ілетін негізгі егіс және оларда егілетін аса ал азығы болып отырған ы менсінбеушілік орын- нылсын, жоңышқа егісін е оған мол өнім алу жү- н, бәрі мезгілмен істел-

сылы мақта, қызылша жә хникалық егістер егуге өрлердің бәрі мезгілінде ылып, айдалуы қамтама-

алық егістер мен отама- і жаппай жайып суаруға нсын, мұнан былай мұн- дің бәрі бороздаламен суа- лсын, бороздалар мен жөндеу жылма-жыл тарының жоспарына кір ылатын болсын. Дәнді екпе шөптер егісін лерінің бәрі 1944—1945 ішінде салалап суару шірілсін.

дағының, Жер Халық Ко- а, ең алдымен техни- р егілген суармалы жер лану үшін 1944 жылы 15 мың тонна суперфос- тонна азот тыңайтқыш, 1 кали тыңайтқыш жө- етілсін.

ылық егістерге, жеміс әне жүзімдіктерге, сол а ауыл шаруашылық сетін зиянды жәндік- рлі кеселдерді ойдағы- ттыру үшін, КСР Одағы ылық Комиссариатына Қазақстанға мынадай рі-дәрмек жөнелту мін- рсенит кальци 184 тон- атри—50 тонна, мыс) тонна, арсонат каль- анабанин су- нна, кремнефтери нат- , АБ дәрісі—50 тонна, 50 тонна, формалин — палпан күкірт—60 тон- ныны—300 тонна, сұйық нна.

еңестік Социалистік ның, Халық Комиссар- е 1944 жылы егін суа- рдың бәрін тазарты- ін, сол сыяқты гидро- лыс орындарының жөн- масыз ету, әсресе бұл орындайтын колхозшы егін ұйымдастыруды әне көңіл бөлу мін-

а арықтар мен жер орындарын тазалау жұмыстарын қолмен хозшыларға белгілен- мштерін орындаса 1,25 мөлшерден тыс орын- нбеккүн жазу ұсыныл- стік Социалистік Рес- Халық Комиссарлары ылық қатынастын жер

суландыру жұмыстары үшін тезнен дербес жұмыс мөлшерін белгілеп, бұларды колхоздарға ұсыну тапсы- рылсын.

6. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссар- лары Кеңесіне 1944 жылы кемінде 50 мың гектар, кейінгі жылдарда жылма-жыл 150—200 мың гектар жерді суландыру жүйесінің қайта құрылып жасартылуын қамтама- сыз ету, бұл жұмыстарды жергілік- ті құрылыс материалдарын пайдала- на отырып, халық құрылыс орында- рының шапшаңдатылған әдісімен ұйымдастыру міндет етілсін.

7. Жер суландыру жүйесіндегі су ды пайдалану ісінде тәртіп орнату және жер суландыратын судың үнем- деп пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссар- лары Кеңесіне мынадай жұмыстар тапсырылсын:

а) әрбір ауданда және жер сулан- дыру жүйесінде тезнен ауыл ша- руашылық егістерін суарудың дұрыс тәртібі орнатылсын, сол сыяқты суармалы жерлерде олардың жаңда- нына қарай маңызды агротехника- лық шаралар белгіленсін;

б) 1944 жылдан бастап облыстық, аудандық су шаруашылығы орында- рында және жер суландыру жүйеле- рін басқармаларында суды пайдала- ну жоспарлары бекітіліп отыратын болсын, аудандардың жоспарларын облыстық аткомдар, колхоздардың жоспарларын аудандық аткомдар бе- кітіп отыратын болсын. Суды бөлу- дің мемлекеттік жоспарының орын- далуы қатты бақылансын;

в) 1944 жылы, техникалық егіс- тер егілетін кемінде 30 мың гектар суармалы жер МТС тракторының күшімен тегістелсін.

8. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Халық Комиссар- лары Кеңесі мен Кеңестер Одағы- ның, Жер Халық Комиссариатына, суармалы жерлердің сорған тартуы- на және саздануына жол берілмеу үшін, 1944—1945 жылдары Қарапал, Мырзашөл, Жиенбет арықтары бо- йындағы су бөлетін, су жіберетін жолдарының тазартылуын және 1944—1946 жылдардың ішінде Мыр- зашөл, Шәуілдір, Шиелі арықтары бойындағы жерлерде жаңа коллек- торлар жасалуын қамтамасыз ету міндеттелсін.

Суармалы жерлердің жер сулан- дыру жайын және су жіберетін, су ағызу жолдарының пайдаланылуын бақылап отыру үшін, Алматы, Жам- был, Оңтүстік Қазақстан, Қызылор- да облыстарының жері суару басқар- малары мен облыстық су шаруашы- лығы мекемелерінде және Қазақ- станның Су шаруашылық Халық Ко- миссариатында жер суландыру ин- спекциясы құрылсын, инспекторлар- дың жалпы саны 35 адамға жеткі- зілсін.

9. Қазақстанның Халық Комиссар- лары Кеңесіне жер қазу жұмыста- рын механикаландыру ісінде батыл өзгеріс жасау жер суландыру жүйесін тазарту және қайта құру жұмысында экскаваторлардың, грей- дерлердің, ор қазатын машиналардың толық пайдаланылуын қамтамасыз ету тапсырылсын. Бұрын басқа ұйым- дарға берілген 6 экскаватор және басқа механизмдер, машиналар мен

жабдықтары Қазақстанның Су ша- руашылығы Халық Комиссариатына қайтарылсын.

10. Ауыл шаруашылығы егістерін мезгілінде дұрыс суаруға ынталан- дыру үшін колхоздарға мынадай ұсыныс жасалсын:

а) күндізгі сменалардың егін суа- рушыларына, жұмысының сапасы жақсы болса егін суару жұмыстары- ның мөлшерін орындағаны үшін, әр- бір орындалған мөлшер үшін 1,75 еңбек күні есебімен қосымша еңбек күндері жазылатын болсын, ал түн- гі сменалардың егін суарушыларына бұған сәйкес 2,25 еңбеккүн жазыла- тын болсын;

б) күндізгі сменалардың машина- шыларына, жұмыстың сапасы жақ- сы болса, белгіленген жұмыс мөл- шерін орындағаны үшін, әрбір орын- далған жұмыс мөлшері үшін 2 ең- беккүн есебімен қосымша еңбек- күндері жазылатын болсын. Түнгі сменалардың машиналарына бұған сәйкес 2,5 еңбеккүн, күндізгі смена- лардың машинашыларына 1,5 еңбек күн, түнгі сменалардың машинаш- ыларына 1,75 еңбеккүн жазылатын болсын;

в) колхоз мұраптарына, егін суару жұмыстарын жоспарда белгіленген мерзімдерде орындап отырған бол- са, ауыл шаруашылық егістерінен мол өнім алу жоспарын асыра орын- дағаны үшін жоспардан тыс өнім өні- мін алған звенолардың, колхозшыла- рымен қатар қосымша зағтай ақы төленетін болсын.

11. Қазақстанның Халық Комиссар- лары Кеңесіне Мырзашөлде 11 мың гектар жерді суартыны ұш-Тоғай арығын қазу, Георгиев және Шиелі арықтарын қазу, сол сыяқты Талас

V. Бау-бакша шаруашылығын күшейту және жеміс егістерінің өнімін арттыру шаралары туралы

1. Қазақстанның Халық Комиссар- лары Кеңесіне 4200 гектар жерге, оның ішінде: 1944 жылы 1200 гек- тар жерге, 1945 жылы 1200 гектар жерге, 1946 жылы 1800 гектар жер- ге үстеп жеміс ағаштарын егу жолымен, жеміс қорлары баулары- ның өңделуін қамтамасыз ету, сөй- тіп 1946 жылғы көктемде барлық жеміс баулары мен жүзім бауларын да жеміс ағаштарының бірқалыпты жиілігін қалпына келтіру міндеттел- сін.

2. 1944 жылы колхоздарда 500 гектар жерге жаңа жеміс бауларын және 450 гектар жерге жүзім баула- рын егу, 1945 жылы 600 гектар же- міс бауларын және 500 гектар жер- ге жүзім бауларын егу жоспары бе- кітілсін.

Қазақстанның Халық Комиссарла- ры Кеңесіне жеміс баулары мен жү- зім бауларын егу жоспарларының 1944 жылғы 10 апрельден қалдыр- май аудандарға, аудандарда колхоз- дарға жеткізілуін қамтамасыз ету міндеттелсін.

3. Колхоздардың алдына 1944 жы- лы жеміс баулары мен жүзім баула- рының өнімін кемінде 10—15 про- цент арттыру міндеті қойылсын. Бұл міндетті орындау үшін Қазақ- станның Халық Комиссарлары Кеңе- сіне, облыстық және аудандық ат- комдарына жеміс баулары мен жү- зім бауларының аралас оқыртылуын жеміс ағаштары айналасындағы топырақтың қазылып қопсыты-

гидротехника торабын жасау және Қазалы арықтарын қазу жұмыста- рын 1944—1945 жылдарда аяқтау міндет етілсін.

12. Кеңестер Одағының Мемлекет- тік жоспарлау Комиссиясына, Кеңес- тер Одағының Жер Халық Комис- сариатына және Қазақстанның Ха- лық Комиссарлары Кеңесіне Қызыл- орда бөгетін салуды қайтадан бас- тау мәселесін қарап, бұл туралы Ке- нестер Одағының Халық Комиссар- лары Кеңесіне өздерінің ұсыныста- рын енгізу тапсырылсын.

13. Қазақстанның Халық Комис- сарлары Кеңесі мен Кеңестер Ода- ғының Жер Халық Комиссариатына 1944 жылы қысқа мерзімді құрестер- да 100 колхоз мұраптары, 5 мың, егін суарушы колхозшылар, 50 ау- дандық су технигін, 100 учаскелік су технигін, 200 су қараушыларын даярлау және қайтадан даярлау мін- дет етілсін.

Кеңестер Одағының Финанс Ха- лық Комиссариатына 1944 жылы бұл жұмыстарды қаржыландыру міндет етілсін.

Колхоздарға колхоз мұраптарын 2—3 жылға тұрақтатып, олардың басқа жұмыстарға жіберілуіне жол бермеуі ұсынылсын.

14. 1944 жылғы 1 апрельден бас- тап су шаруашылығының, облыстық басқармасының шығыны ресубли- калық бюджеттен берілетін болсын.

15. Қазақстанның Халық Комис- сарлары Кеңесіне 1944 жылы су қараушылары және учаскелік су техниктері үшін республиканың кол- хоздарынан 300 ат сатып алуға рұқ- сат етілсін, бұған арнап, су шаруа- шылығы жұмыстарына берілетін қар- жыдан 1,5 миллион сом бөлінсін.

луын, тыңайтқыштар төгілуін, қатар арасы культиватормен өңделуін, қуарған бұтақтардың кесілуін, же- міс ағаштарының бұтақтары қырқы- луын, діңгектерінің, сыбалуын қамта- масыз ету міндеттелсін.

4. Қазақстанның Халық Комис- сарлары Кеңесіне колхоздарда, сол сыяқты колхозшылар мен қала хал- қының үй іргесіндегі учаскелерінде- гі жеміс өсімдіктеріне түсетін зиян- ды жәндіктер мен әртүрлі кеселдер- дің жойылуын қамтамасыз ету мін- деттелсін. Қазақстанның Жер Ха- лық Комиссариаты жанында Алма- ты қаласы төңрегіндегі жеміс бау- лары мен жабайы жеміс ағаштарын дағы зиянды жәндіктерді қыратын арнаулы отряд ұйымдастырылсын. Бұл отрядтың шығыны республика- лық бюджеттен төленетін болсын.

5. Жеміс баулары мен жүзім бау- ларын құру жұмыстарын ойдағыдай орындау үшін колхоздарға жеміс баулары мен жүзім бауларын кемін- де 5 жылға тұрақты бригадалар мен звеноларға бекітіп беру ұсынылсын.

6. Қазақстанның Халық Комис- сарлары Кеңесіне жергілікті өнеркә- сіп пен қолөнершілер кооперациясы- ның заводтарында 1944 жылы ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктер мен кеселдерді жоютын қол сайман- дары мен аспаптар: 10 мың бау- пышарын, 10 мың шапқы, 2 мың бұ- тақ кескіш, 10 мың темір күрек, 15

(Жалғасы 4 бетте).

КСР Одағы Халық Комиссарлары Кеңесінде

ҚАЗАҚ КСР КОЛХОЗДАРЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЕГІСТЕРІНІҢ ӨНІМІН АРТТЫРУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

(Соңы. Басы 1-2-3-беттерде).

мын, кеппен жасауды ұйымдастыру міндет етілсін.

Кеңестер Одағының Мемлекеттік жоспарлау Комиссиясына 1944 жылдың екінші тоқсанында, Қазақстанның Халық Комиссарлары Кеңесіне жеміс баулары саймандарын жасау үшін 200 тонна метал, жеміс ағаштарын дәрілейтін саймандар өндіру үшін 5 мың метр резина түтігін бөлу міндет етілсін.

7. Колхозшылардың үй іргесіндегі бау-бақшаларын үнемі өркендету хажет екендігіне Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің ерекше назары аударылсын. 1944 жылғы колхозшылардың үй іргесіндегі учаскесіне жеміс ағаштарын егу жоспары —180 мың дана, 1946 жылғы—320 мың дана болып белгіленсін.

8. Акмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Гурьев, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Костанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстарының колхозшыларын, жұмысшылар мен қызметкерлерін үй іргесіндегі учаскелерде жеміс бауларын өсіруге ынталандыру үшін, колхозшылардың шаруашылықтары 10 жылға үй іргесіндегі учаскесінің жеміс ағаштары мен жүзім баулары егілген, сол сыяқты соңғы бес жылдың ішінде жеміс ағаштары мен жүзім баулары егілген бөлігіне ауыл шаруашылық салығын төлеуден және картоф тапсырудан, ал жұмысшылар мен қызметкерлер осы мерзімге үй іргесіндегі учаскесінің осындай бөлігіне табыс салығын төлеуден босатылсын.

9. Колхоздарда және колхозшылардың үй іргесіндегі учаскелерінде жаңадан жеміс бауларын егу жоспарының, сол сыяқты бұрынғы жеміс бауларын өңдеу жоспарының орындалуын қамтамасыз ету үшін, 1944—1946 жылдарда 216 гектар жерге, оның ішінде 1944 жылғы 66 гектар жерге, 1945 жылғы 70 гектар жерге, 1946 жылғы 80 гектар жерге жеміс өсімдіктерінің алғашқы пима белгілеуге міндетті.

Қосалқы бөлшектерді көп әзірлеуде

Н. заводдың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері ауыл шаруашылық машиналарына керекті қосалқы бөлшектер дайындау ісінде көрнекті нәтижеге ие болды. Олар тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналары үшін 20,246 қосалқы бөлшек өндіріп, жоспарды 200 процент орындады. Қосалқы бөлшек жасап шығаруда әсіресе Кузнецов жолдас басқарған цех пен Гаврилова жолдас механик болып істейтін цехтар көрнекті жұмыстар істеді.

Көктемгі егіс кезінде колхозшыларға хажетті темір күректер, соқа пышақтарын, жанар май құятын бөлшек және басқа әбзелдер жасау жөні-

томниктерін егу жоспары белгіленіп, 1944 жылы жеміс ағаштарының 250 мың дана, 1945 жылғы 300 мың дана, 1946 жылғы 700 мың дана кешеті өсірілетін болсын.

13 гектар жерге, 1944 жылғы 3 гектар жерге, 1945 жылғы 5 гектар жерге, 1946 жылғы 5 гектар жерге жидек питомнигін егу жоспары белгіленсін.

Бұдан басқа осы қаулысы бойынша Кеңестер Одағының Халық Комиссарлары Кеңесі тиісті Одақтық Халық Комиссариаттарына: 1944 жылғы Қазақстанның қуаңшылық болатын облыстарының колхоздарына жер суландыру хажетіне 1500 тонна қойма мұнайын беруді, Қазақстанға 1944 жылғы 1 тоқсанның қорларынан тракторлар мен ауылша-руашылық машиналарының запас бөлшектері және жөндеу материалдары өкіберілуін қамтамасыз етуді, 1944 жылғы 1 тоқсанның қорлары-нан Қазақстанның МТСтары үшін тиісті мөлшерде керосин, лигроин, дизель отыны, бензин және жағар-майлар жіберілуін қамтамасыз етуді міндеттейді.

Кеңестер Одағының Финанс Халық Комиссариаты 1944 жылғы Қазақстанның Халық Комиссарлары Кеңесіне күрделі құрлыс қаражаты есебінен жер суландыру жүйесін қайта құруға 8 миллион сом беруге міндетті, ал Кеңестер Одағының Мемлекеттік жоспарлау Комиссиясы күрделі құрылысқа тиісті материалдар мен жабдықтар беруге міндетті.

Қазақстанның Халық Комиссарлары Кеңесі колхоздарды көлік күшімен, жер өңдейтін құралдармен қамтамасыз ету шараларын қолда-нып, соқалар, тұқым сепкіштер, культиваторлар, жердің топырағын қопсытатын және басқа жер өңдей-тін саймандар жасау және ондай саймандарды жөндеу жөнінде жер-гілікті кәсіп орындары мен колхоз-дардың ұста дүкендері үшін тапсыр-ма белгілеуге міндетті.

дегі жоспарды 150 процент орында-ды. Әсіресе темір ұстасы Баталбаев, Иванов, Сидоров жолдастары еңбек өнімділігін неғұрлым арттырып, күн-делік графика 250—300 процент орындады. Бұл завод колхоз, совхоздардың трактор бригадаларына көмекке 10 аға механик, 4 темір ұс-тасын тағы басқа 25 жұмысшы жі-берді.

Завод коллективі май мерекесі алдындағы социалистік жарысты ке-ңінен өрістетіп, продукция өндіру-дің жоспарын мерзімнен 10 күн бұ-рын орындауға бірауыздан мақтылы міндеттеме алды.

Н. БЕЛГІБАЕВ.

ТРАКТОР ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСЫН АЯҚТАУҒА ЖУЫҚ

КСРО Совхоздар Халық Комисса-риатының, астық және мал өсіруші совхоздарында тракторларды жөн-деу жоспары 98 процент орындал-ды. Көптеген облыстар мен респу-бликалардың, оның ішінде Украина совхоздары тапсырманы артығымен орындады. Ростов, Саратов, Сталин-град, Новосибирь, Кемерово, Воро-

неж облыстарының, Краснодар және Ставрополь өлкелерінің, Дағыс-тан АКСРның және басқаларының совхоздары трактор паркін жөндеу жұмысын мезгілінен бұрын аяқта-ды. Мемлекеттік комиссиялар жұ-мыстың сапасын жақсы деп тапты.

(ТАСС).

Неңес Хабаршы бюросынан

7 АПРЕЛЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

7 апрельде әскерлеріміз СКАЛА қаласының батыс жағында дұшпанның қоршауға алынған тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізіп, оның қоршаудан батыс бағытқа қарай шығып кетуге тырысқан әрекетін тойтарды. 6 апрель-дегі ұрыстарда бұл ауданда әскерлеріміз немістердің 4.000нан аса солдаты мен офицерін жойып, жаудан мынадай олжа: 5 «Ю-52» транспорт самолетін, түрлі калибрлі 17 зеңбіректі, 7 танкті, 1.400 автомашинаны қолға түсірді. ТАР-НОПОЛЬ қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның қор-шауға алынған тобына көмектесу үшін өтуге тырысқан жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінін шабуылын тойтарды.

КИШИНЕВ бағытында әскерлеріміз екі күнгі қатты ұрыстардан кейін немістердің КИШИНЕВТІҢ іргесіндегі маңызды тіректі қорғану пункті, Молда-вия КСРның уездік орталығы—ОРГЕЕВ қаласын алды.

ОДЕССА бағытында әскерлеріміз Одесса облысының БЕЛҮЕВКА аудан орталығын алды және ботан аса басқа елді жерді, оның ішінде КАПОКЛЕЕВ-КА, БУДЕНОВКА, ЕРМЕЕВКА, МАНГЕЙМ, КАРСТАЛЬ (ОДЕССАНЫҢ солтүстік-батыс жағында 28 километр жерде), МАЯКИ, МАРИНОВКА, НОВАЯ ЭМЕТОВ-КА, КУБАНКА, СТАРАЯ ДОФИНОВКА, НОВАЯ ДОФИНОВКА (ОДЕССАНЫҢ солтүстік-шығыс жағында 16 километр жерде) ЧАБАНКА, ГРИГОРЬЕВКА үл-кен селолары мен КОШКОВО КРЕМИДОВКА темір жол станцияларын ұрыс-пен алды. РАЗДЕЛЬНАЯНЫҢ солтүстік жағында әскерлеріміз немістердің 5—6 дивизияларының қалдықтарынан құралған неміс әскерлерінің 7-дәуір тобын қоршауға алып, оны жоюда, 6 және 7 апрельде бұл ауданда немістер ұрыс даласында 5.000нан аса өлігін қалдырды. Немістердің 1.000нан аса сол-даты мен офицері қолға түсірілді. Жаудан 64 зеңбірек және 24 танк қолға түсірілді. ВЕСЕЛЫЙ КҮТ станциясында әскерлеріміз әртүрлі жүк тиелген 1.100 вагонды, оның ішінде снарядтар тиелген 74 вагонды, авиация бомбалары тиелген 31 вагонды, азық-түлік және мал азығы тиелген 81 вагонды, завод жабдықтары тиелген 50 вагонды қолға түсірді. Немістер бұларды ОДЕССА-ДАН Германияға апару жатқан болатын. Алдын ала мәліметтер бойынша, РАЗДЕЛЬНАЯ қаласы мен темір жол торабын алған кезде әскерлеріміз жау-дан мынадай олжа: 44 зеңбіректі, оның ішінде 12 ауыр зеңбіректі, 17 паровоз-ды, соғыс мүлкі тиелген 500 вагонды, 3 складты, 6 темір жол эшелонын, оның ішінде зеңбіректер мен танктер тиелген 1 эшелонды және жараланған неміс солдаттары мен офицерлері мінген 2 эшелонды қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде бірсыпыра жерлерде жергілікті маңыз бар ұрыстар болды.

6 апрельде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 40 танкін қый-ратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 45 самолеті атып түсірілді.

Скала қаласының батыс жағында әскер-леріміз дұшпанның қоршауға алынған тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізуде болды. Н. құрамасының бөлімдері қоршау шеңберін қыса отырып, немістерді бір-неше елді жерлерден қуып шығарды. Екін-ші бір учаскеде Мельница-Подольская қаласының оңтүстік-батыс жағында кеңес бөлімдері бір топ немістерді негізгі күш-терімен бөліп тастап, оларды жойды. Жаудан олжа, оның ішінде соғыс жүгі тиелген көптеген автомашина қолға түсі-рілді.

Дұшпанның қоршауға алынған әскерле-рі қайткен күнде де қоршаудан шығып кету үшін тырысуда. Немістердің жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштері батыс бағытта әлденеше рет шабуылға шықты, алайда, олар кері қуылып таста-лып, ауыр шығынға ұшыратылауда. Кеңес зеңбірекшілері мен танкішілері бұл ұрыс-тарда дұшпанның 19 танкін, 3 бронема-шинасы мен неміс жаяу әскерлері мінген 20-ден аса автомашинаны өртеді, қый-ратты.

Тариополь қаласының оңтүстік-батыс жағында дұшпанның танктері мен жаяу әскерлері тәнертеннен бастап өздерінің қоршауда қалған тобына қарай өтуге ты-рысып, қайта шабуыл жасады. Күн тәу-лік бойына қатты ұрыстар болды, бұл ұрыстардың барысында кейбір елді жер-лер қолдан-қолға көшті. Немістер адам күші және техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшырауда. Тек бір құрама-мыздың өзі бір күн ішінде дұшпанның 13 танкін, өздігінен жүретін 6 зеңбірегін, 4 бронемашинасын және бір полктей жаяу әскерлерін жойды.

Кишинев бағытында әскерлеріміз ша-буыл жасауда болды. Реут өзенінің сол-түстік жағалауындағы Оргеев қаласы ау-данында қатты ұрыстар болды. Оргеевтің іргесінде немістер қорғану бекіністерін жасап, оны өздерінің күшті бекіністі қор-ғану пунктіне айналдырған болатын. Екі күн ішінде кеңес бөлімдері гитлершілерді бекіністерден қуып шығарып, қалаға барған сайын жақындады. Келесі күні күн кешкіре әскерлеріміз қатты ұрыстардан кейін Молдавия КСРның уездік орталығы Оргеев қаласын алды. Ұрейлене кері ше-гініп бара жатқан немістерді өкшеле-те қудалай отырып, гвардияшыларымыз Реут өзенінен өтті, сөйтіп оның оңтүстік жа-ғалауындағы қамалды алды. Оргеев үшін болған ұрыстарда дұшпан адам күші жо-не техникасы жағынан орасан көп шы-ғынға ұшырады. ***

Одесса бағытында жүрдек құрамалары-мыз бен жаяу-әскерлеріміз ұрыспен алға баса отырып, Одесса облысының Беляе-ва аудан орталығы және Одесса қаласы-ның батыс жағында 30 километр жердегі Маяки үлкен селосын алды. Н. бөлімінің бөлімшелері орағыта маневр жасап дұш-панды Малий Кулянык өзеніне қарай тықсырды, сөйтіп қатты ұрыстарда бір ба-тальондай гитлершілерді жойды. Неміс-тердің 300 солдат мен офицері қарсылық көрсетуді тоқтатып, қару тастады да қол-ға берілді. Кеңес жауынгерлері шабуыл-ды өрістете отырып, Кулянык және Хад-жибейскі сағ аларының аралығымен оңтүс-

тікке қарай алға басты, сөйтіп бірсыпыра елді жерлерді алды. Раздельнаяның сол-түстігіндегі ауданда дұшпанның 5-6 ди-визияларының қалдықтары қоршауға алынды. Немістер солтүстік-батысқа қарай өтіп кету үшін тырысты. Алғашқыда олар біраз аға басып, Раздельная қала-сының солтүстігіндегі ауданға қарай шы-ты. Кеңес әскерлері қауырт маневр жа-сап, дұшпанның кері шегінетін жолын кесіп тастады, сөйтіп қазір жауды жою үшін ұрыстар жүргізуде. Екі күн ішінде бұл ауданда немістердің 5.000нан аса сол-даты мен офицері жойылды. Жаудан көп олжа және адамдар қолға түсірілді.

Қызылтулы Балтық флотының авиация-сы бүгін Балтық теңізінде қатарында дұш-панның үш күзет кораблі бар сақия ке-мелері тұрғандығын көрді. Торпеданы самолеттеріміздің шабуыл жасауы нәтиже-сінде дұшпанның 12 мың тонналық транс-порты суға батырылды.

Фин бұғазында дұшпанның 500 тонна-лық транспорты суға батырылды. ***

Волынскі облысында қыймыл жасаушы партизан отряды март айының аяқ шенін-де жаудың тіректі пунктінде шабуыл жа-сады. Ұрыстың нәтижесінде дұшпанның гарнизоны толық талқандалды. Партизан-дар венгерлердің 75 солдат мен офице-рін жер жастантты. 67 венгер қолға түс-ірілді. Жаудан 8 пулемет, 125 винтовка, 2 радиостанция және көптеген патрондар қолға түсірілді. Осы отрядтың бір топ партизандары дұшпанның бронепоезы мен екі әскери эшелонын құлатты. Екінші бір партизан отрядының барлаушылары пу-леметтерден оқ атып, немістердің «Фокке-Вульф-198» самолетін қатты зиянды. Самолет амалсыздан жерге қонды. Екі ұшқыш қолға түсірілді. Неміс самолетуі ертелді. ***

Восход поселкасында, Коротковий Бродки, Красновка, Дубровка, Антоновка және басқа деревнялардың көптеген тұр-ғын адамдары гитлершіл жөнелеттерден сақтанып, Полесье облысының Ола дерев-нясына және осы деревняның маңындағы орманға паналады. Неміс-фашист басқын-шылар 14 январьда Ола деревнясын қор-шап алып, бейбіт кеңес азаматтарын аюандықпен азаптады. Гитлершіл аюан-дар карттарды, әйелдер мен балаларды үйлер мен қораларға түгел қамады, сөйтіп оларды тірілей өртеп жіберді. Фашист зұлымдар жанып жатқан үйлерге граната-лар лақтырды, автоматтардан оқ атты, сонымен олар ондағы адамдар құтылып кетпеу үшін ойына келгенін істеді. Де-ревняның солтүстік-батыс жақ шетіндегі бір қорада немістер 70 шамалы адамды тірілей өртеді. 95 жастағы Александра Зыкун, 85 жастағы Яков Курулович, 81 жастағы Степан Зыкун, емшек балалары 2 айлық Александр Устименко, үш айлық Феня Зыкун және басқа көптеген адамдар өртеп өлді. Деревняның тірі қалған адам-дарының айтуы бойынша, немістер бұл күні мыңдаған ерлер мен әйелдерді және балаларды атып, өртеп өлтірген.

Жауапты редактор

Ө. ОСПАНОВ.